

# ЕРДІКС

дидары

ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ  
ҚОҒАМДЫҚ ГАЗЕТ

1999 жылдан бастап шығады

№07 (77). 2008 жыл. 23 қыркүйек

# БЕЛСЕНДІЛІК ЖАҒДАЙДЫНДА

Саяси оқу жүйесіндегі қорытынды сабактарға Черноярка ауылшаруашылық өндірістік бірлестігі партия үйімі ерте әзірленді. Негізгі кәсіпорындағы бастауыш саяси мектептің тыңдаушыларына «Кемелденген социалистік қоғамды құру — совет халқының қажырлы еңбегінің маңызды қорытындысы» деген тақырып ұсынылған еken. Қорытынды сабакқа коммунистердің бәрі де келді. Насихатшы, бірлестіктің бас агрономы Г. Н. Жданов біздің еліміздө социализмді орнатудың негізгі кезеңдерін айтып берді. Оны тыңдаушылар Н. А. Логинов, И. Ф. Винокуров, И. А. Класс және басқалары толықтырды.

Кемелденген социализм экономикасының ерекшеліктері, әсіресе ауыл шаруашылығын өркендету мәселелері туралы әңгімелегендеге тыңдаушылар жергілікті материалдарды орынды пайдаланды. Ауыл шаруашылығының қазіргі материалдық-техникалық базасы өндіріс тиімділігін арттыруға толық мүмкіншілік беретіндігін әңгіме арқауы етті.

— Біздің кәсіпорын 1200 гектар жерге картоп өсіреді. Қуатты машиналар комплексін пайдаланбайынша мүншама көлемде картоп

өсіру оқайға түсер ме еді? — деді насихатшы Жданов жолдас. — Бізде картоп өсіру толық механикаландырылып отыр. Соңдықтан да оның өзіндік құны арзан болуда.

«Ауыл шаруашылығы өндірісін ғылыми басқарудың негіздері» теориялық семинарында да сабак қызықты да мазмұнды етті. «Басқарудың автоматты жүйесі», «КПСС XXV<sup>жылдарда</sup> съезі ауыл шаруашылығы өндірісінде кадрларды іріктеу және тәрбиелеу туралы» және басқа да мәселелер жөнінде тыңдаушылар келелі әңгіме қозғады. Тыңдаушылар Ф. Ф. Кувьмин, С. С. Ахметов өз сездерінде бұл мәселелер туралы жан-жақты токталды. Ал Т. Қожықов әзірлеген реферат мазмұндылығымен сабакқа қатысушыларға ұнады. Ол рефератында, бірлестіктің 1976 және 1977 жылдардағы энергеттика қызметіне талдау жасады. Оны талқылауға тыңдаушылардың көшілігі қатысты.

Насихатшы В. М. Симонов сабакты іскерлікпен жүргізе білді. Қорытынды сабакқа семинарда оқытын 24 тыңдаушы түгел қатысты.

М. ӘБДІРАХМАНОВ.  
С. НЕВМЕРЖИЦКИЙ.